

Қазақстан Республикасындағы мал дәрігерлік қызметті лицензиялау туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 20 тамыздағы N 1272. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.28. N 545 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасындағы мал дәрігерлік қызметті лицензиялау туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 7 ж ы л ғ ы 2 0 т а м ы з д а ғ ы

N 1 2 7 2 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасындағы мал дәрігерлік қызметті лицензиялау туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже мал дәрігерлік қызметті мемлекеттік лицензиялаумен байланысты қарым-қатынастарды реттейді.

2. Заңды және жеке тұлғалар жүзеге асыратын мынадай қызмет түрлері лицензиялауға

ж а т а д ы :

мал-дәрігерлік емдеу-алдын алу;

мал-дәрігерлік мақсаттағы дәрі-дәрмек жасап шығару мен сату;
азықтық қоспаларды, оның ішінде жануарларға арналған дәстүрден тыс, минералды-витаминді ұстама азықты өндіру мен сату;

мал-дәрігерлік мақсаттағы дәрілік заттарды, биологиялық дәрі-дәрмекті, зоогигиеналық құралдар мен зооветеринарлық мақсаттағы атрибуттарды сату;

мал шаруашылығы объектілерін дезинфекциялау, дератизациялау мен дезинсекциялау ;

жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды базарларда ветеринариялық-санитариялық сараптау; зертханалық-диагностикалық қызмет.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12. 23. N 1347 қаулысымен.

3. Мал дәрігерлік қызметті жүзеге асыратын адамның лицензиясының (бұдан әрі - лицензия) болуы міндетті.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.04.11. N 556 қаулысымен .

4. Лицензия иеліктен алынбайды. Лицензияны басқа адамдарға беруге тыйым салынады.

5. Осы Ережеге сәйкес берілген лицензия лицензиатқа онда көрсетілген мал дәрігерлік қызмет түрлерін жүзеге асыруға рұқсат берілгенін куәландыратын ресми құжат болып табылады.

6. Шетелдік заңды және жеке тұлғалар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар лицензияны, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғаларымен бірдей шарттар мен тәртіп бойынша алады.

II. Лицензия берудің шарттары мен тәртібі

7. Мал дәрігерлік қызметке лицензия беруді Қазақстан Республикасы уәкілетті мемлекеттік орган мен оның аумақтық органдары (лицензиар) жүргізеді .

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.04.11. N 556 қаулысымен .

8. Лицензияның мынадай түрлері белгіленеді:

бас - белгілі бір қызмет түрімен айналысуға арналған;

біржолғы - белгілі бір шаруашылық қызмет жасауға арналған;

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.04.11. N 556 қаулысымен.

9. Заңды және жеке тұлғалардың бір мезгілде мал дәрігерлік қызметтің бір, бірнеше немесе барлық түріне лицензиялары болуы мүмкін.

10. Лицензияның бланкілерінің бағалы қағаз деңгейінде қорғаныс дәрежесі болады, олар қатаң есептілік құжаты болып табылады және олардың есептік сериясы мен нөмірі болады.

Лицензия бланкілерін жасап шығару, есепке алу мен сақтау лицензиарға жүктеледі.

11. Лицензия алу үшін заңды және жеке тұлғалар (өтініш берушілер) лицензиарға мынадай құжаттарды ұсынады:

белгіленген үлгідегі өтініш;

лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат;

жоғары немесе арнаулы орта мал дәрігерлік білімі туралы дипломдарының

к о ш і р м е с і ;

заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі (заңды тұлғалар үшін) ;

жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат; лицензиаттың осы Ереженің III тарауында көзделген талаптарға сай екенін растайтын құжаттар.

12. Лицензиар ұсынылып отырған мәліметтердің сенімділігін тексеруге құқылы.

13. Кәсіпкерліктің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін алымның мөлшері, оны төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңдарымен белгіленеді .

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.04.11. N 556 қаулысымен.

14. Лицензия беру туралы шешім барлық қажетті құжаттармен бірге өтініш берілген күннен бастап заңды тұлғалар үшін - бір ай мерзімнен кешіктірілмей, жеке тұлғалар үшін - он күннен кешіктірілмей қабылданады.

Лицензия беруден бас тартылған кезде лицензия беру үшін белгіленген мерзімдерде өтініш берушіге жазбаша түрде дәлелді жауап қайтарылады.

15. Лицензия, егер:

осы Ереженің 11-тармағына сәйкес талап етілетін барлық құжаттар ұсынылмаса ;

лицензия беру үшін алым енгізілмесе; өтініш берушіге қатысты соттың оған қызметтің осы түрімен айналысуға тыйым салатын шешімі болса, берілмейді.

Өтініш беруші аталған ескертулерді жойған кезде өтініш осы Ережеде көзделген тәртіп бойынша қаралады.

16. Мынадай себептермен:

өтініш берушіге лицензияланатын қызметті жүзеге асыру құқығын беру орынсыз ;

нарық жүргізуге не сатуға лицензия талап етілетін жұмыстар мен (қызмет көрсетулермен) молыққан ;

нарықта монополиялық жағдай қамтамасыз етілген; өтініш берушінің жеке басының қасиеттері мен іскерлік абыройы күмәнді, оның ішінде егер тыйым салулар мен кері қайтарып алулар заңдарда белгіленген тәртіпке сәйкес өз күшін жойған (өтелген) деп есептелсе, бұрын сотталғандығы, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға бұрын тыйым салынуы, алдыңғы лицензияның кері қайтарып алынуы себептері бойынша күмәнді деп лицензия беруден бас тартуға тыйым салынады.

17. Егер лицензия белгіленген мерзімде берілмесе немесе бас тарту өтініш берушіге негізсіз деп көрінсе, ол бұл әрекеттерге заңдарда белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылы.

18. Лицензия мынадай жағдайларда:
лицензия кері қайтарып алынғанда;
азаматтар кәсіпкерлік қызметін тоқтатқанда;
заңды тұлға қайта ұйымдастырылғанда немесе таратылғанда;
жеке тұлға қайтыс болғанда;
жүзеге асырылуына лицензия берілген іс-әрекеттер толық көлемде орындалғанда өз күшін тоқтатады.

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.04.11. N 556 қаулысымен

19. Заңды тұлға қайта тіркелген кезде лицензия заңды күшін сақтайды.

20. Лицензияны белгіленген тәртіппен мынадай жағдайларда:
лицензиат лицензияда қамтылған лицензиялық және мал дәрігерлік заңдардың талаптарын орындамағанда;
сот лицензиатқа жүзеге асыруға лицензиясы бар қызмет түрімен айналысуға тыйым салғанда;
лицензиар лицензияның күшін уақытша тоқтатқан себептер жойылмағанда кері қайтарып алуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 20-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.04.11. N 556 қаулысымен.

21. Лицензиар уақытша тоқтату себептерін көрсете отырып, лицензияның күшін алты ай мерзімге дейін белгіленген тәртіппен тоқтата алады.

22. Лицензияның күші уақытша тоқтатылған себептер жойылғаннан кейін лицензия қайта жаңартылады.

23. Кері қайтарып алынғаннан кейін лицензияны қайта беру осы Ереженің 11-тармағында көзделген жалпы негіздер бойынша жүргізіледі.

Лицензия жоғалған жағдайда лицензиаттың төлнұсқа алуға құқығы бар. Лицензиар лицензиаттың жазбаша өтініші бойынша 10 күн ішінде лицензияның төлнұсқасын береді.

ЕСКЕРТУ. 23-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.04.11. N 556 қаулысымен

III. Мал дәрігерлік қызметке лицензия алу үшін тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары

24. Мал дәрігерлігі жөніндегі жұмыстарды орындауға және қызметтерді жүзеге асыруға мынадай заңды және жеке тұлғалардың құқығы бар:
Заңды тұлғаларға арналған біліктілік талаптарына мыналар енеді:

ветеринариялық қызметке лицензия алуға үміткер заңды тұлға басшысының не оның ветеринария саласындағы құрылымдық бөлімшесі басшының арнайы ветеринариялық білімі және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс стажы болуы тиіс;

мал дәрігерлік қызметті жүзеге асыратын қызметкерлерде арнаулы мал дәрігерлік білімі болуы;

қызметкерлердің денсаулығының жай-күйі туралы анықтама (құжаты) болуы;

санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау және өртке қарсы күрес органдарының қорытындысы болуы;

СНТЖ 8-81 талаптарына және СН-245-71 санитарлық нормаларына сай өндірістік үй-жайы және тиісті бейіндегі технологиялық жабдықтың толық жиынтығы болуы;

өндірістік үй-жайлардың, технологиялық жабдықтар жинағының ветеринариялық нормативтерге сәйкестігі туралы ветеринарияны мемлекеттік басқару органдарының ветеринариялық-санитариялық қорытындысының болуы тиіс.

Жеке тұлғаларға арналған біліктілік талаптарына мыналар енеді:

арнаулы мал дәрігерлік білімі және мамандығы бойынша:

жоғары білімі бар адамдарда - кемінде бір жыл еңбек стажы, арнаулы орта мал дәрігерлік білімі бар адамдарда - кемінде екі жыл еңбек стажы болуы;

қатты әсер ететін препараттарды сақтауға арналған күзетілетін үй-жайы (сейфі), сондай-ақ лабораториялық жабдығы мен құралдары (лицензияланатын мал дәрігерлік қызметтің тиісті түрі жүзеге асырылатын жағдайда) болуы;

денсаулығының жай-күйі туралы анықтама (құжат) болуы;

санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау және өртке қарсы күрес органдарының қорытындысы болуы тиіс.

ЕСКЕРТУ. 24-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12. 23. N 1347 қаулысымен.

2 5 . < * >

ЕСКЕРТУ. 25-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.04.11. N 556 қаулысымен .

26. Лицензиаттар тіркеу сынақтарын өткізу үшін қажетті көлемдерде өндіру, әкелу (импорт) жағдайларын қоспағанда, мемлекеттік тіркеуден өткен және Ветеринариялық препараттардың мемлекеттік тізіліміне енгізілген ветеринариялық препараттарды пайдалануға міндетті. <*>

ЕСКЕРТУ. 26-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.04.11. N 556 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.12. 23. N 1347 қаулысымен.

IV. Жауаптылық және бақылау

27. Мал дәрігерлік қызметпен лицензиясыз не лицензиялық нормалар мен ережелерді бұза отырып айналысу заңдарда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

28. Лицензия иесі:

Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын орындауға; өз қызметін лицензияда көрсетілген шарттармен қатаң сәйкестікте жүзеге асыруға;

лицензиардың талап етуі бойынша лицензияланатын қызмет туралы мәліметтерді ұсынуға;

өзінің ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерткені туралы лицензиарға хабарлауға міндетті.

29. Мал дәрігерлік қызметті лицензиясыз жүзеге асырудан алынған қаражат лицензиардың ұсынуы бойынша сот тәртібімен тиісті бюджеттің кірісіне алуға жатады.

30. Заңды және жеке тұлғалар лицензиарға ұсынылатын мәліметтердің сенімділігі үшін заңдарда белгіленген тәртіппен жауап береді.

31. Лицензиялық нормалар мен шарттардың сақталынуына бақылау жасаудың тәртібін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі белгілейді.

32. Лицензияның тоқтатылуымен немесе уақытша тоқтатылуымен байланысты барлық даулар заңдарда белгіленген тәртіппен шешіледі.